

Жетибаев Жандос Копжасаровичтің
 «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
 «Электрондық мәмілелерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму дәуірінде жасау және
 орындау ерекшеліктері» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысына рецензенттің

ПІКІР

p/h №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Зерттеу тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына <u>сәйкес келеді</u> және Казақстанның мемлекеттік бағдарламаларымен <u>тығыз байланыста</u> , оның ішінде, диссертациялық жұмыс ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығында бекітілген міндеттердің аясына кіреді. Нәқтылайтын болсақ, қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде осы технологиялардың көмегімен қоғам өмірінің негізгі салаларында цифрлық кеңістікті дамыту міндеттінің қажеттігінен туындаған. Осылайша, бұл диссертациялық жұмыс цифрландыру саласын жетілдіру міндеттін жүзеге асыруға бағытталған іргелі еңбектердің бірі болып табылады. Азаматтық айналымның қатысушылары үшін маңызды «мәміле» институтының ішінде цифрлық трансформацияның әсерін тигізген салаларына, яғни «электрондық мәміле» және «электрондық дәлелдеме» салаларының құқықтық табигаты мен заңнамалық деңгейде құқықтық реттелуіне арналғандығы тақырыптың өзектілігін айқындайды. Диссертант қазіргі қолданыстағы азаматтық заңнамамен қамтылмаған және тиісінше реттелмеген тұстары, атап айтқанда, «электрондық мәміле» түсінігі, оның жасалу және орындалу тәртібі, электрондық мәмілелерге байланысты істер бойынша сотқа дейінгі реттеу тәртібі, мәміленің жарамдылығы немесе жарамсыздығы, мәмілені орындау барысында дәлелдеменің маңыздылығы анықталды.

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін косады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.	<p>Диссертациялық зерттеу ғылымға айтарлықтай <u>улес қосады</u> және оның маңыздылығы жақсы <u>ашылған</u>.</p> <p>Бұғінгі күні ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму дәуірінде азаматтық айналымның субъектілері үшін жылдамдықты әрі ыңғайлылықты қамтамасыз ететін «электрондық мәмілелердің» құқықтық мәртебесі мен табиғатын анықтау оның қоғам өміріне терең енуіне байланысты <u>маңызды</u> болып табылады. Құқық қолданушылық және заң шығармашылық тәжірибеде қындық туыннататын, алайда қолданыстағы азаматтық заңнамамен бекітілмеген бірқатар мәселелік сұраптар диссертация аясында көтеріліп, шешілу жолдары ұсынылды. Сәйкесінше, диссертация қазақ тіліндегі «электрондық мәміле» және «электрондық дәлелдеме» салалары бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрініс тапқан еңбектердің бірі ретінде тануға болады.</p> <p>Зерттеу жұмысының, біріншіден, «мәміле» институтына қатысты қозғалған «электрондық мәміленің» құқықтық табиғатына қатысты зерттеулері азаматтық құқық саласына, екіншіден, «электрондық дәлелдеме», «электрондық құжат» салаларына қатысты зерттеулері азаматтық іс жүргізу саласының дамуына өзінің үлесін қосуға қауқарлы. Сондай-ақ, тақырыптың маңыздылығы тек теориялық түрғыдан емес, практикалық факторлармен де байланысты болғандықтан, тақырыптың мәні ашылды.</p>
3.	Өзі жазу деңгейі:	<p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) тәмен;</p> <p>4) өзі жазбаган</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы диссиденттепен өзі жазылғандықтан, өзімен жазылуы <u>жоғарғы</u> деңгейде, деп пайымдауга болады. Диссиденттепен бұл зерттеу жұмысының тақырыбының мәнін ашуға бағытталған ғылыми әдебиеттер, нормативтік актілер мен отандық және шет елдердің сот тәжірибесінен алынған азаматтық істерге анализ жүргізілді. Сәйкесінше, бұл жұмысты «электрондық мәміле» мен «электрондық дәлелдеме» салаларының құқықтық реттелуін кемелдендіруге бағытталған зерттеу жұмысы болып табылады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p>	<p>Бұғінгі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму кезінде диссертациялық тақырыптың өзектілігі күмән тудырмайды, өйткені автормен жүргізілген зерттеу жұмыстары мен оның нәтижелері отандық құқық қолданушылық және заң шығарушылық тәжірибеде орын алғатын «электрондық мәміленің» құқықтық табиғатына және олар бойынша «электрондық дәлелдемелерге» қатысты бірқатар мәселелік сұраптарды қамту арқылы ұсыныстар білдірілген. Отандық доктриналық</p>

	3) негізделмеген.	базада «электрондық мәміле» және «электрондық дәлелдеме» бойынша қазақ тіліндегі іргелі әрі кешенді жұмыстар аз кездеседі. Сондықтан да «электрондық мәміле» және «электрондық дәлелдеме» бойынша құқық қолданушылық және заң шығарушылық тәжірибеде кездесетін мәселелердің шешімін табу қажеттілігі және осы олқылықтарды жою қажеттігі зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды	1) айқындайды; Диссертациялық зерттеудің мазмұны диссертацияның таңдалған тақырыбының мәнін толық көрсетеді. Диссертация кіріспеден, он екі бөлімді біріктіретін үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	1) сәйкес келеді; Диссертациялық зерттеудің тақырыбына сәйкес зерттеудің мақсаты айқындалып, зерттеу мақсатына жету үшін орында міндеттер көрсетілді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	1) толығымен байланысқан; Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы қисынды түрде логикалық түргыда байланысты және зерттеу жұмысының мақсаты пен міндеттеріне сәйкес келеді, диссертация тақырыбын дәйекті түрде ашады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып	Сыни талдау бар, автормен ұсынылған жаңа тұжырымдар негізделген. Зерттеу нәтижелері ғылыми және теориялық түргыдан негізделген, зерттеу барысында диссертация жасаған талдаулар мен тұжырымдар нақты болып табылады.

		<p>бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар:</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа:</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша фылыми жаңашылдық принципі сақталған, яғни зерттеу нәтижелері жаңа болып табылады. Диссиденттің азаматтық айналымда және фылыми ортада көп кездеспейтін бірқатар құқықтық анықтамаларға түсіндірмे жұмыстары жүргізілді; «электрондық мәміле» ұғымын жаңа анықтама ұсынылды; электрондық мәмілелерді құқықтық реттеуді кемелдендірудің бірнеше жолдарын көрсетіп, олардың қажеттігі анықталды; шет елдердің тәжірибелері қолданылды; электрондық мәмілелерге қатысты теориялық және практикалық тұжырымдарға сынни талдау жасалынды. Сондай-ақ, азаматтық іс жүргізу саласына байланысты «электрондық дәлелдеме» ұғымына қатысты тұжырымдар ұсынылды; «электрондық құжат» ұғымының ауқымын қайта қарастыру мәселесі көтерілді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа:</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары электрондық мәміле саласын құқықтық реттеуді жетілдіруге байланысты әдіснамалық және фылими практикалық мәселелер кешенінің тұжырымында, теориялық негіздемесінде және тәжірибелік шешімінде көрініс табады.</p> <p>Автордың диссертация тақырыбының мәнін ашу мақсатында «электрондық мәміле» және «электрондық дәлелдеме» салаларын зерттеу барысында жан-жақты көзқарастар мен бағыттарды зерттегендіктен, бұл диссертациялық жұмыс кешенді болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p>	<p>Диссертацияның фылыми нәтижелері, тұжырымдары мен ұсыныстары негізделген. Бұл фылыми зерттеулерге қойылатын талаптардың сақталуымен расталады, жалпы фылыми зерттеу әдістерін қолдану, қарастырылып отырған проблеманың теориясы мен практикасына үлес қосқан шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін</p>

		<p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	пайдалану, негізгі ережелерді жариялау арқылы анықталады
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде</p> <p><u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары теориялық тұрғыда негізделген. Бірінші тұжырымның дәйектілігі – жаңа, өйткені диссидентпен өзіндік сипатта «электрондық мәміле» үгымына авторлық анықтама берілді.</p> <p>Екінші тұжырымның дәйектілігі – жаңа. Электрондық мәмілені жарамсыз деп танудың жаңа негізін ҚР Азаматтық кодексі мен ҚР Жоғарғы сотының нормативті қаулысына енгізу ұсынысы электрондық мәмілелерге қатысты туындаған сот тәртібіндегі даулар бойынша істердің бірізділігіне алып келеді деп тұжырымдауға болады.</p> <p>Үшінші тұжырымның дәйектілігі – жаңа. Диссидент электрондық мәмілелердің құқықтық мәртебесін анықтау үшін «электрондық құжат» үгымына қатысты дәйекті ұсыныс білдірді, өйткені «электрондық мәмілелердің» жасалу жолын ескере отырып, олардың мәртебесін анықтау маңызды болып табылады.</p> <p>Төртінші тұжырымның дәйектілігі – жаңа. Қолданыстағы азаматтық заңнамамен айқындалған «электрондық құжат» анықтамасына сай келетін электрондық ортада жасалған құжаттармен қатар бұл анықтаманың аясынан тыс жатқан басқа да құжаттардың болуын ескере отырып, диссидентпен оларды жазбаша дәлелдемелер ретінде қарастыру ұсынысын орынды деп пайымдауға болады.</p> <p>Бесінші тұжырымның дәйектілігі – жаңа. Электрондық мәмілелердің жасалу тәртібінің ерекшеліктерін еске отырып, олардың жылдам жойылыш немесе өзгеріске ұшырау мүмкіндігінен, оларды сотқа ұсыну мақсатында электрондық дәлелдеме ретінде қарастырып, оларды қамтамасыз етудің қажеттілігі туындаиды. Алайда, бұл қажеттілікті қамтамасыз ететін норманың қолданыстағы азаматтық заңнамамен қамтылмағандығынан, атальмыш тұжырымның маңыздылығы жоғары болып табылады.</p> <p>Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану аясының белең алудына байланысты тәжірибеде кеңінен қолданылатын скриншотты қолданыстағы азаматтық заңнамада көрініс тапқан «жазбаша дәлелдеме» қатарына қосу туралы алтыншы және</p>

			<p>жетінші тұжырымдардың дәйектілігі – жаңа.</p> <p>«Мәміленің нысаны» мен «мәміленің түрі» деген екі түрлі мағынаны білдіретін терминдердің қолданыстағы азаматтық заңнамада өз орнымен қолданылуын құптаған бұл сегізінші тұжырымның дәйектілігі – жаңа емес. Өйткені, бұл тұжырым ғылымға жаңашылдық алып келіп жатырган жоқ, бұл зәни терминдердің орынды қолданылуын ұсынады.</p> <p>Тогызыныши тұжырымның дәйектілігі – жаңа. Азаматтық заңнамамен өсiet қағаз жеткізгіште жасалынады, ал оны қашықтықтан электронды түрде жасау туралы мәселе заңнамамен көтерілмеді. Соңғы кездері бұл тақырыптың даулы сұрақтар туындаатын ескерсек, диссертанттың осы мәселе бойынша біржакты айқындықты көрсететін тұжырымының маңыздылығы жоғары.</p>
7.	Коргауга шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 	<p>1. Қазақстан заңнамасында электрондық мәмілелерді құқықтық реттеуге байланысты қабылданған маңызды шараптарға қарамастан, «электрондық мәміле» үғымы әлі күнге дейін айқындалмаған. Сәйкесінше, «электрондық мәміленің» құқықтық табиғатын айқындау процесін оған анықтама беруден бастаған жөн, деп пайымдаймыз. Сондықтан да отандық заңнаманы кемелдендіру мақсатында «электрондық мәміле» үғымына келесідей анықтама ұсынылады: «Электрондық мәміле – тараپтардың ерікті келісіммен электрондық деректермен алмасуға негізделген ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы ақпараттық ортада жазбаша нысанда көрініс табатын, сондай-ақ азаматтық құқықтық қатынастарды туындатуға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған жеке және заңды тұлғалардың еркін білдіретін іс-әрекеттері».</p> <p>1.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; <p>1.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 2) жоқ <p>1.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; <p>1.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 3) кең <p>1.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 2) жоқ.

	2) жоқ	<p>2. Бұғынгі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму заманында электрондық мәмілелерді жасау сатысының ерекшелігі, басқа жазбаша нысандағы мәмілелерге қарағанда, техникалық құралда «ОК» батырмасын жылдам басу арқылы немесе соған мағынасы жағынан ұқсас оферта және акцепт жасаудан тұрады, ал сатып алушы/тапсырыс беруші тарапынан орындау сатысы да оның тауардың, жұмыстың, қызметтің құнын төлеу жөніндегі міндеттін жедел турде толық немесе ішінара орындауы арқылы жүреді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жасалатын электрондық мәмілелер (оның ішінде «клик-келісімшарттары», «брауз-келісімшарттары»), нүктені басу арқылы жасалатын мәмілелер бойынша тұтынушыға мәміленің мазмұнымен танысады қынданту немесе мәміле мазмұнымен танысу батырмасын байқалмайтын не көрінбейтіндегі етіп, ұсақ шрифтімен немесе ынгайсыз жерде орналастыру жағдайлары жіңінешесінде үстінде. Осындай істер бойынша сот тәжірибесінде бірізділік қалыптаспаган, бір тобы мәмілені жарамды деп таныса, екінші топ судьялар жарамсыз деп танып жатыр. Сол себепті электрондық мәмілелер бойынша келесідей ұсыныстар білдірілуде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - КР АК 158-бабын келесідей мазмұндағы 1-1 тармағымен толықтыру ұсынылады: «1-1. Электрондық мәмілелер бойынша оферент тарапынан мәміле мазмұнымен танысу көрінеу қынданатылған жағдайда ондай мәміле жарамсыз деп танылады немесе осы себеппен құқықтары бұзылған тараптың пайдасына қарастырылады». - Сонымен қатар, «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын сottардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдесіндегі № 6 Нормативтік қаулысына келесідей толықтыру енгізу ұсынылады: «Егер келісімді интернет желісі арқылы жасау барысында бір тарап (оферент) басқа тарапқа (акцептантқа) мәміле жасау кезінде қолайсыздық тудыратын фактілер туралы хабарламаған жағдайда электрондық мәміле жарамсыз деп табылады немесе дау осы себеппен құқықтары бұзылған тараптың пайдасына шешіледі». <p>2.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>2.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p>
--	--------	--

		<p>2.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>2.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия:</p> <p>Сотта онлайн-несие қызметінен туындаған дауларды қарау мәселелері // «SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD: CHALLENGES OF THE XXI CENTURY» атты III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Нұр-Султан, 2019. – – Б. 47-50</p> <p>3. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚР Заңы бойынша азаматтық құқықтық мәмілелер жасауда құқықтық қатынастар орнатылуын, өзгертуін немесе тоқтатылуын көздейтін электрондық құжаттар электрондық-цифрлық нысанда және тек электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы ғана куәланырылған болу керек. Бұл қазіргі уақытта кеңінен таралған электрондық хаттармен алмасу арқылы немесе цифрлік техникалық құралда нүктені басу арқылы жасалатын мәмілелерді (клик-келісімшарттары, брауз-келісімшарттары) және өзге де электрондық түрдегі мәмілелерді жасалғандығын, толығымен немесе ішінәра орындалғандығын тануға кедергі болып келеді және ҚР АК-ң 152-бабына сай емес болады.</p> <p>Осы орайда аталмыш Заңның преамбуласына назар аударатын болсақ, бұл Заң барлық жағдайлардағы интернет желісін пайдаланып жасалған электрондық мәмілелерге емес, ал тек қана электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәланырылған электрондық құжаттар айналымы саласында туындайтын құқықтар мен міндеттерді реттеуге бағытталған. Сондықтан Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының жобасына осындай түсініктеме енгізу қажет және тәжірибеде ЭЦҚ арқылы куәланырылған құжаттарды шектелген мағынада пайдалану жөн болады деп тұжырымдаймыз, яғни электрондық құжаттардың аясын тек ЭЦҚ-ны қолдану арқылы жасалынған құжаттармен шектемеу қажет, өйткені бұл шектеу цифрлық қолтаңбаның аналогтарын пайдалану арқылы жасалынатын электрондық түрдегі өзге де құжаттарды заннамалық деңгейде «электрондық құжат» терминінің шеңберіне енгізбейді.</p> <p>3.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>3.2 Тривиалды ма?</p>
--	--	--

		<p>2) жоқ 3.3 Жаңа ма? 1) ия; 3.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 3.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;</p> <p>Германия мемлекетінің тәжірибесі бойынша электрондық мәмілелердің құқықтық жағдайы // Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының ЖАРШЫСЫ ғылыми-құқықтық журнал. №3(61)-2020, Б. 201-207.</p> <p>4. Электрондық мәмілелер жазбаша нысандағы мәмілелер түріне жататындықтан, олар жазбаша дәлелдеме санатына жатады. Алайда, жоғарыда көлтірілген негіздер бойынша ЭЦҚ-мен расталмаған электрондық құжат дәлелдеме ретінде танылу мүмкіндігі шектелуде. Осы орайда ҚР АПК 100-бабының 6-бөлігіне келесідей өзгерістер ұсынылады:</p> <p>«6. Электрондық құжаттар немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жасалынған өзге де құжаттар нысанындағы дәлелдемелер немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттар сотқа осы бапта белгіленген қагидалар сақтала отырып ұсынылады».</p> <p>4.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>4.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>4.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>4.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>4.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>Электрондық дәлелдемелердің азаматтық сот ісін жүргізу degi ерекшеліктері // «ҚҰҚЫҚ және МЕМЛЕКЕТ» ғылыми-ақпараттық журнал. №3-4(88-89)-2020, Б. 118-137.</p>
--	--	--

		<p>5. Электрондық мәмілелердің табигатына байланысты, оларды жасасу немесе орындау туралы ақпараттар тез арада жойылуы қаупі бар. Ал электрондық дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы нормалар заңнамада нақты орын алмаған, оларды дәлелдеме ретінде тану және бағалау кезінде әртүрлі тәжірибе қалыптасып жатыр. Сондықтан электрондық мәмілелер бойынша дауларды шешуде бірізділік орнату мақсатында ҚР Азаматтық процестік кодексін «Электрондық дәлелдемелерді қамтамасыз ету» атты келесідей мазмұндағы жаңа 69-1-баппен толықтыру ұсынылады:</p> <p>«1. Электрондық дәлелдемелерді қамтамасыз ету интернет желісінде жіберілген немесе қабылданған хат-хабарламаларды, өзге ақпараттарды; компьютердердегі немесе басқа электрондық жеткізгіште сақталған ақпараттарды маманның қатысуымен қарап тексеру хаттамасымен рәсімделеді.</p> <p>2. Электрондық дәлелдемелерді қамтамасыз ету нотариаттық заңнамада көзделген тәртіппен сотқа дейінгі іс жүргізу шеңберінде де, сондай-ақ сот талқылауы процесінде де соттармен интернет жүйесінде орналастырылған ақпараттарды қарau хаттамасын толтыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін».</p> <p>5.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>5.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>5.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>5.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>5.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>2) жоқ.</p> <p>6. Қазіргі таңда отандық сот тәжірибесінде электрондық мәмілелер бойынша дәлелдемелерді электрондық тасымалдағышта, оның ішінде тек компакт дискі форматында ұсыну қалыптасқан. Алайда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар даму заманында дәлелдемелердің жарамдылығын тану мен ұсыну тәсілдері көбейіп келеді. Бұл ретте, интернет желісінде, ұялы телефондарда орналасқан ақпараттарды сақтап қалу мақсатында оларды скриншот жасау тәжірибесі кең тарауда. Осыған байланысты соттар скриншотты заңды жазбаша дәлелдеме</p>
--	--	---

		<p>ретінде тани алады деп тұжырымдаймыз. Технологиялардың дамуын ескере отырып, скриншоттың дәлелдемелер иерархиясындағы орнын нормативтік түрде бекіту қажет, ол үшін ҚР Жоғарғы Сотының арнайы нормативтік қаулы қабылдауды ұсынылады (Бұкосымшасы).</p> <p>6.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>6.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>6.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>6.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>6.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>Электрондық дәлелдемелердің азаматтық сот ісін жүргізу degi ерекшеліктері // «ҚҰҚЫҚ және МЕМЛЕКЕТ» ғылыми-акпараттық журнал. №3-4(88-89)-2020, Б. 118-137.</p> <p>7. ҚР Азаматтық процестік кодексте бекітілген нормаларда электрондық дәлелдемелер жалпылама сипатында берілгенін ескере отырып, келесідей нақтылаушы сипаттағы өзгерістерді ұсынамыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР АПК 65-бабының 2-бөлігіне: <p>«2. Аудио-, бейнежазбалар, оның ішінде байқау және (немесе) тіркеу аспаптарымен алынғандар, фото және (немесе) киноға түсіру материалдары, оның ішінде скриншоттар, электрондық, цифрлық және өзге де материалдық жеткізгіштердегі басқа да материалдар жарамды дәлелдемелер ретінде танылуы мүмкін».</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР АПК 99-бабының 1-бөлігіне: <p>«1. Дәлелдемелер іс үшін маңызы бар және іске қатыстырылығы мен оған жол берілетіндігі өлшемшарттарына сай келетін аудио-, бейнежазбаларды, оның ішінде байқау немесе тіркеу аспаптарымен алынған аудио-, бейнежазбаларды, фотога және киноға түсіру материалдарын, оның ішінде скриншоттарды қамтитын ақпараттық материалдық жеткізгіштері мен электрондық және цифрлық жеткізгіштердегі басқа да материалдар ұсынулыу мүмкін».</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p>
--	--	---

	<p>1) дәлелденді;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>Электрондық дәлелдемелердің азаматтық сот ісін жүргізудегі ерекшеліктері // «ҚҰҚЫҚ және МЕМЛЕКЕТ» ғылыми-ақпараттық журнал. №3-4(88-89)-2020, Б. 118-137.</p> <p>8. Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамыған заманында электрондық мәмілелердің жасалу нысанын айқындау қажеттігі туындағы. Ежелгі рим құқығынан бастап, өзге мемлекеттерде де сияқты, ҚР Азаматтық кодексінің аясында мәмілелердің «нысаны» тек жазбаша және ауызща санаттарына бөлінеді. Дегенмен, ҚР Азаматтық кодексінің 152-баптың 1-1 тармағына сәйкес мәміленің жазбаша нысаны «қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда» жасалатындығы көрсетілгендейді, бұл норма өзгерісті қажет етеді. Сондықтан да ҚР Азаматтық кодексінің 152-баптың 1-1 тармағында көрініс тапқан «электрондық нысанда» деген сөз тіркесін «электрондық түрде» деп өзгерту ұсынылады, себебі электрондық мәміле ол жазбаша нысандагы мәміленің бір түрі болып табылады.</p> <p>8.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>8.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.3 Жаңа ма?</p> <p>2) жоқ;</p> <p>8.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>8.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>Электрондық мәмілені реттеуде заңнаманы жетілдірудің кезі келді // «GLOBAL</p>
--	--

			<p>SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA» атты V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Астана, 2019. – Б. 351-354.</p> <p>9. Бұғанға таңда заңнамада өситетті электронды түрде рәсімдеуге тыйым салынбағанымен, мұндай әрекетке рұқсат та нақты берілмеген. Бұл мәселеге қатысты ғылыми ортада, құқық қолданушылық тәжірибеде мұра қалдырушының еркін анықтауда және мұрагерлік құқық субъектілерінің құқықтарының бұзылуына ықпал ету қаупіне байланысты орынды пікірлер туындаиды. Сол себепті өситетті электронды түрде жасауға тыйым салуды заңнама деңгейінде қарастыру керек. Осыған байланысты, ҚР АК-де 1050-бабының 2-тармағын жаңа тармақшамен толықтыру ұсынылады: «3) қашықтықтан өситетті электрондық түрде жасауға тыйым салынады».</p> <p>9.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>9.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>9.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>2) кен</p> <p>9.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>Запрет на совершение завещания в электронном виде по законодательству Республики Казахстан: проблемы и пути их решения // Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». № 3(103)/ 2021, С. 163-169.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертация тақырыбының мәнін ашу үшін қолданылған әдіснама <u>орынды әрі нақты пайдаланылды</u>. Зерттеу жұмысы бойынша міндеттерді жүзеге асыру үшін және қойылған мақсатқа жету үшін жалпы ғылыми және арнайы ғылыми әдістерінің жиынтығы қолданылды, олардың әрқайсысы тақырыпты объективті және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының	Бұғанға күні ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен мүмкіндік берілген

	<p>нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>и亞</u>; 2) жок</p>	<p>әдістер колданылды:</p> <p>https://adilet.zan.kz/kaz/ - Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;</p> <p>https://online.zakon.kz/ - Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;</p> <p>https://prg.kz/ - "Параграф" ақпараттық жүйесі</p> <p>https://bestprofi.com/ - "Bestprofi" ақпараттық жүйесі</p> <p>https://office.sud.kz/ - "Сот актілерінің банкі" іздеу сервері</p>
	<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	-
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Диссертация аясында жүргізілген зерттеудердің нәтижелеріне дәйекті түрде қол жеткізілген, диссертант отандық және шетелдік қайнар көздерге сілтеме жасай отырып, 200-ден астам әдебиеттерді қолданды.
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер</p>	Пайдаланылған әдебиет тізімі әдеби шолу үшін <u>жеткілікті</u> , ойткені диссертациялық

		тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	жұмыс тақырыбындағы іргелі жұмыстар зерттелді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иля</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық <u>маңызы жоғары</u> , ейткені жүргізілген теориялық зерттеу арқылы, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінің теориясын талдау арқылы алдағы уақытта басқа да зерттеушілер үшін қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді. Диссертациялық зерттеу "Құқықтану" мамандығы бойынша студенттерді оқытатын жоғары оку орындарындағы дәрістерде пайдаланылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иля</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нәтижесінде жасалған ұсыныстар мен тұжырымдарды құқық қолданушылық және заң шығарушылық тәжірибеде қолдануға болады, бұл жұмыстың қорытындыларының практикалық маңызының жоғары деңгейде екендігін көрсетеді. Заң шығарушылық тәжірибеде диссертациялық жұмыстың нәтижелерін «мәміле» институтына, оның ішінде, электрондық мәміле, электрондық сауда, электрондық құжат, электрондық дәлелдеме салаларының құқықтық реттелуін кемелдендіру мақсатында қолдануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін теориялық, доктриналық тұрғыда осы салаларды зерттейтін азаматтық құқық пен азаматтық іс жүргізу және олармен салалас бағыттарда ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ;	Диссертация академиялық жазу тұрғысынан <u>жоғары</u> деңгейде жазылған, диссертация мәтіні қисынды құрастырылған. Диссиденттің еңбекті жазу барысында ғылыми тілді

	сапасы	2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	ұстаган.
--	--------	--	----------

Қорытынды: Жетибаев Жандос Копжасаровичтің «Электрондық мәмілелерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму дәуірінде жасау және орындау ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысы бүгінгі өзекті тақырыптардың біріне арналғандықтан, зерттеу нәтижелері мен тұжырымдарының ғылыми және практикалық маңыздылығы жоғары болып табылады. Сондықтан да Жетибаев Ж.К. «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Сын пікір беруші:

з.ф.к., отставкадағы судья

«17» маусым 2022 ж.



И.З. Куанова

*И. З. Куанова мен расшифровка
Согласииң қолданылған бірнеше сөйлемдер
Кеүде мезгілдегілер А.З. Пресняков*

